

**Атырау облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 7 шілдедегі № 162 "Атырау облысының елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидасын, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № 65 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 наурызда № 2878 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 08.01.2016 № 1 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 7 шілдедегі № 162 "Атырау облысының елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидасын, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2551 тіркелген , 2009 жылғы 8 қыркүйекте "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының және көрсетілген қаулымен бекітілген Атырау облысының елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданың, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарының (бұдан әрі – Қағида) мемлекеттік тілдегі мәтінінде "әкімияты", "әкімиятқа", "әкімият", "әкімияттың", "әкімиятының" деген сөздер сәйкесінше "әкімдігі", "әкімдікке", "әкімдік", "әкімдіктің", "әкімдігінің" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тілдегі мәтін өзгертілмейді;

2) Қағидада:

орыс тілдегі мәтінде 4-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"4. Органы по развитию языков имеют следующие полномочия:";

7-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) ономастикалық комиссия тілдерді дамыту жөніндегі органға материалдар ұсынған сәттен бастап 30 күн ішінде әкімдікке және мәслихатқа, кент, ауыл, ауылдық округтердің әкімдеріне қала құрылысы элементтеріне атау беру және атауын өзгертуді ұсыну шешімін қабылдайды;"

14-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) әкімдік пен мәслихатқа, кент, ауыл, ауылдық округтердің әкімдеріне елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беруді, атауын өзгертуді ұсынады;"

14-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) әкімдік пен мәслихатқа, кент, ауыл, ауылдық округтердің әкімдеріне елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының транскрипциясын нақтылауды ұсынады;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Ж. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Б. Измұхамбетов
-------------	-----------------